



## ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒЫТТЫҢ ҚАҒИДАТТАРЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев отандық ірі бизнес өкілдерімен кездесу өткізді. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы өз сөзінде елімізде қалыптасқан ахуалды талқылап, халық игілігі үшін билік пен бизнестің өзара ықпалдастығына қатысты жолдарды айқындау қажет екенін айтты. Президенттің пайымдауынша, бүгінде біздің алдымызда бүкіл қоғамдық тыныс-тіршілікті түбегейлі трансформациялау міндеті тұр. Мұның стратегиялық мәні бар.

Мемлекет басшысының пікірінше, азғана элиталық топтар ықпалының артуы және халықтың бөлігінің табысының азаюы қауіпсіздікке айтарлықтай қатер төндірді. Бұл қоғамның экономикалық, әлеуметтік, содан кейін саяси бөлінуіне әкеп соқтыруы мүмкін.

— Ұлттық табыстың әділ бөлінуі бойынша теңгерімсіздік пен проблеманың бар екені айдан анық. Халықаралық сарапшылар (KPMG, 2019 жыл) Қазақстан байлығының жартысы 162 адамның ғана

қолында екенін растап отыр. Осы ретте халықтың жартысының айлық табысы 50 мың теңгеден аспайды. Бұл — жылына 1 300 доллардан сәл ғана асады деген сөз. Мұндай ақшамен өмір сүру мүмкін емес. Бұлай жіктелу мен теңсіздіктің қауіпті екенін айтқан болатынмын. Жағдайды дереу өзгерту керек, — деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бизнес-қауымдастықты осыдан сабақ алып, Жаңа Қазақстанның негізі болуға тиісті жаңа экономикалық саясатты қалыптастыру үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды.

Президенттің сойлеген сөзінде әділ бәсекелестік, қабылданатын шешімдердің ашықтығы, мемлекеттік саясаттың болжамдылығы, бизнестің салықтық тазалығы, кәсіпкерлердің әлеуметтік жауапкершілігі қатарлы маңызды қағидағаттар айтылды.

(Жалғасы 2-бетте)

## ҮКІМЕТ ХАЛЫҚ МҮДДЕСІ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕУІ КЕРЕК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Үкімет пен қоғамның моральдық стандарттарын жақсарту керек екенін айтты. Бұл туралы ойын Президент Twitter-де жазды.

«Үкімет баз біреулердің мүддесін көздейтін жекелеген топтардың емес, халықтың мүддесі үшін жұмыс істеуі тиіс. Тиімді мемлекеттік басқару тұрақты әрі шынайы болуы керек.

Біз сапалы мемлекеттік басқарудың берік негізін қалыптастыру үшін Үкімет пен қоғамның моральдық стандарттарын жақсартуымыз керек», — деп жазды Президент.

## ЖЫЛУ ЖИНАҒАН ҚОР

Президенттің пәрменінен кейін құрылған «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының басты мақсаты — халыққа қамқорлық көрсету. Алайда осы игілікті іске құрылған қор жұмысының ашықтығын бақылау мүмкін болмаса, ғұмыры ұзаққа бармай ма деген пікірлер де жиі айтыла бастады. Бүгінге дейін қорға қанша қаржы аударылды? Салынған қаражаттың ашықтығы қамтамасыз етіле ме?

Өткен аптада «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының төрағасы Болат Жәмішев қор қалай жұмыс істейтінін және жиналған қаржы қандай мақсаттарға жұмсалатынын айтқан болатын. Оның айтуынша, қоғамдық қор қаржысы денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік сала, мәдениет және спорт салаларындағы нақты мәселелерді шешуге бағытталады. Екіншіден, төтенше жағдайлар кезінде және төтенше жағдай режимін енгізу кезінде зардап шеккен қазақстандықтарға көмек көрсетіледі. Үшіншіден, халықтың әлеуметтік осал топтары және осал топ балаларына спорттық инфрақұрылымның дамуы және қолжетімділігін арттыру бойынша жәрдемдесуге септігін тигізеді. Төртіншіден, мемлекетіміздің аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігін қорғау кезінде қаза тапқан құқық қорғау органдары, арнайы органдар қызметкерлерінің, әскери қызметшілердің отбасыларына және басқа да көмекке мұқтаж жандарға қол ұшын созуға мүмкіндік береді. Сонымен бірге қор басшысы жыл сайын қорға шамамен 100 миллиард теңге түсетінін тілге тиек етті. Қордың алғашқы шығындары тәртіпсіздіктерде қаза тапқан әскери және полиция қызметкерлерінің отбасыларына тө-



ленетін төлемдер болады. Ақшаның бір бөлігі ауру балаларды емдеуге де жұмсалады.

(Жалғасы 3-бетте)

## ШЕТЕЛДІК БАҚ: «Қазақ елі қайран қалдырды»



6»



## КӨК БАЙРАҚТЫ ТАПСЫРДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Олимпиада және Паралимпиада ұлттық құрамаларының мүшелерімен кездесті. Бұл туралы Ақорданың баспасөз қызметі хабарлады.

Мемлекет басшысы жуырда Бейжің қаласында өтетін XXIV қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарының барша спортсүйер қауым үшін айтулы оқиға екеніне тоқталып, Қазақстан осы сайысқа ең үздік спортшыларын аттандыратынын атап өтті.

— Дүбірлі долада ел намысын қорғау — мәртебелі міндет әрі зор жауапкершілік. Біздің спортшыларымыз Олимпиада ойындарында талай рет жеңіс тұғырына көтерілді. Көк Туымызды желбіретіп, Әнұранымызды әуелетті. Сондай сәтте әрбір азаматымыздың кеудесін мақтанш сезімі кернейтін сөзсіз. Сіздер алдағы сайыста халқымыздың сенімін ақтайсыздар деп сенемін, — деп жігерлендірді Президент.

Мемлекет басшысы бұған дейін Қазақстан атлеттерінің қысқы Олимпиада және Паралимпиада ойындарында жалпы 2 алтын, 4 күміс және 4 қола медаль олжалағанын атап өтіп, Олимпиада тарихында есімдері алтын әріппен жазылған Владимир Смирнов, Людмила Прокашева, Елена Хрусталева, Денис Тен және Юлия Галышева секілді спортшылардың данқты жеңістері азаматтарымыздың патриоттық сезімін арттырғанын айтты.

— Алдағы Олимпиадада сіздер де лайықты өнер көрсететіндеріңізге сенімдімін. Паралимпиадашы-

лар үшін де маңызды сәт жақындады. Елімізде инклюзивті қоғамды дамыту жолында Паралимпиада ойындарының маңызы зор. Қазақстандық паралимпиадашылардың жеңістері — мақсатқа ұмтылудың, табандылық пен өз күшіне деген сенімнің үлгісі, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы бұқаралық және балалар мен жасөспірімдер спорты әрдайым еліміздің басты бағыты екенін айтты. Былтырдан бастап өзінің тапсырмасына сәйкес, спорт саласындағы мемлекеттік тапсырыстар бойынша жан басына қаржы бөлу іске қосылғанына тоқталды.

— Бұл шешім спорт секциялары мен аула клубтарының дамуына тың серпін берді. Өздеріңіз білесіздер, 2022 жылды Балалар жылы деп жариялауды. Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін мемлекет пен қоғам күш біріктіруі қажет. Қолға алынған осы іс-әрекеттер балаларымыздың денсаулығын нығайтуға, оларды рухани, адамгершілік тұрғысынан тәрбиелеуге септігін тигізетініне сенімдімін, — деді Президент.

Кездесу соңында Олимпиада құрамасының капитаны Абзал Әжіғалиев пен Паралимпиада құрамасының капитаны Александр Герлиц Президенттің қолынан мемлекеттік Ту алып, ант берді.

## ЕУРОПАРЛАМЕНТ ҚАРАРЫН ҚАЛАЙ БАҒАЛАЙМЫЗ?

Еуропа парламенті Қазақстандағы «қаңтар трагедиясы» бойынша қарар қабылдады. Құжатта болған жайттар сипатталып, соңында бірнеше кеңес берілген. Тіпті, санкциямен үркітуге тырысқан. Үнемі Ресейді өзге елдердің ішкі ісіне араласасын деп айыптайтын Еуропа депутаттары бұл жолы қазақ елінің өзіндік проблемасына қол соғып отырғандай. Жалпы, бұл құжатқа қандай баға берген жөн? Оған алаңдаған дұрыс па? Шынымен, Еуроодақ санкция жариялап, Кәрі құрлықпен қарым-қатынасымыз күрт бұзыла ма?

Жалпы, Еуропарламент қарары деген не? Бұл — ұйымның кез келген мәселеге қатысты ұстанымын білдіретін декларативті, ұсынмалық сипаттағы, заңдық күші жоқ құжат. Бұған дейін Еуропарламент сан алуан халықаралық мәселе бойынша қарар қабылдаған, алайда онда жазылған барлық ақыл-кеңес орындалған жоқ. 2021 жылы ақпан айында да Кәрі құрлықтың заң шығарушы органы еліміздегі адам құқықтары бойынша қарарды жариялаған, бірақ біздің Үкімет оған қатты алаңдағанын байқамалық.

«Қаңтар трагедиясына» қатысты ұсынылған қарарға 671 еуропарламент дауыс берген, құжатты 589-ы қолдаған, 35-і қарсы шыққан, 47-сі қалыс қалған. Елде болған жағдайды сипаттап, сынай келе Қазақстан билігін адам құқықтарын сақтауға, сөз бостандығын қамтамасыз етуге, болған оқиғаны



халықаралық деңгейде тергеуге шақырады. Аталған оқиғаны 2011 жылғы Жаңаөзен трагедиясымен салыстырады (massacre сөзін қолданған — қырғын). Сондай-ақ құжатта келесі кеңес жазылған: «комиссияның Вице-президенті/Одақтың Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғары өкілі (VP/HR) және мүше мемлекеттерді Қазақстан билігіне соңғы оқиғалар бойынша бейтарап және ашық тергеу жүргізу үшін қысым көрсетуге шақырады».

(Жалғасы 6-бетте)

## ҚОРҒАНСЫЗ ҚОРҒАНДАР...

Бұл не деген бітпейтін тонау?! Тәйт деп тоқтау салар, жүгенсіздікті тыяр жан табылмай ма? Тонау дегенде еліміздің аса бай мәдени құндылығы саналатын қорымдардың — тарихи ескерткіштердің айдың-күннің аманында көз алдымызда тоқтаусыз, бейберекет тоналып жатқанын айтып отырмыз.

«Алтын көрсе, періште жолдан таяр» дейді. Періштен садаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны» дейді ұлы Абай өзінің жиырма тоғызыншы кара сөзінде. Періште туралы, алтын туралы бекерге сөз қозғап отырған жоқпыз. Өйткені қорғансыз қалған қорымдарды тонаудың түп төркіні тікелей алтынға қатысты екенін ішіңіз сезіп отырған болар? Иә, бәрінің көкейін тескені — алтын. Алтын бұйымдар.



5»



# ҚАБЫЛДАУДА АЙТЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР АЯҚСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Халық пен билік арасын жақындату мақсатында «Nur Otan» партиясының Ақмола облыстық филиалының қоғамдық қабылдау бөлмесінде жергілікті атқарушы билік өкілдерінің кесте бойынша қабылдауы өтті.



Облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасары Ғалымжан Әбдіхалықовтың қабылдауына жазылғандардың қарасы көп болды. Олар негізінен жайылым жер, мал дәрігерінің төмен жалақысы, пай мәселесі бойынша өздерін толғандырған сұрақтарымен келді.

Жайылым жердің тапшылығы бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Мәселен, тұрғындарының көбі мал шаруашылығымен айналысатын Зеренді ауданына қарасты Садовое ауылының тұрғындары Ғалымжан Кенжешұлынан жайылым жер мәселесін шешіп беруді өтінді. Қабылдауға келгендердің барлығы кемі 40-50 бас ірі қара мал ұстайды. Өз отбасын өздері асырап отырған шаруалар егінмен айналысатын серіктестік иесінің ауыл айналасын түгел дерлік жыртып тастағанын, тіпті малды жайылымға апаратын жолды әрең дегенде сұрап алғанын айтып, бұл бағытта көмек көрсетуді сұрады.

Облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Кенжешұлы бұл мәселені түбегейлі шешу үшін ауыл әкімі мен Ауылшаруашылық басқармасының мамандары және аталған серіктестік иесі мен тұрғындардың басын қосып, кездесу ұйымдастырып, мәселенің оң шешілу жолын қарастыратынын алға тартты.

Көкшетаулық Сырымбет Қанапин ветеринарлық стансадағы мамандардың жалақысы тым төмен екенін айтып, өтініш түсірді. Сондай-ақ қызметкерлерді қысқарту жүріп жатқанына қолдау көрсетуді сұрады. Облыс әкімінің орынбасары Ғалымжан Кенжешұлы сала басшыларына, яғни облыстық Ветеринария басқармасына жалақыны көтеруге мәселесін қарастыру үшін Көкшетау қаласының ветеринарлық стансасы жұмысшыларының штаттық кестесін дайындап беруді тапсырды.

Әбілмансұр ЖАСАН

# НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы бастауыш партия ұйымы төрағалары мен филиал қызметкерлерінің идеологиялық сүйемелдеуге байланысты отырысы өтті. Жиынды «Nur Otan» партиясы Шымкент қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Жанар Бектаева ашып, жүргізіп отырды.



Күн тәртібінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Парламент Мәжілісіндегі үндеуі мен «Nur Otan» партиясы Төрағасының Бірінші орынбасары Б.Байбектің Мемлекет басшысының тапсырмаларын жүйелі орындау барысындағы негізгі міндеттері талқыланды.

Аталған мәселелер бойынша партия филиалы төрағасының орынбасары М.Қалмұратов арнайы баяндама жасап, «Ақтас» бастауыш партия ұйымының төрағасы Е.Төлендиев пен «Білім және ғылым» бастауыш партия ұйымы төрағасының орынбасары С.Мәжінбеков сөз сөйледі.

«Nur Otan» партиясының негізгі міндеті — Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел мүддесі жолындағы тапсырмаларын сапалы орындалуына барлық күш-жігерін салу. Осы орайда 800 мыңнан астам партияластың басын біріктірген, еліміздегі негізгі саяси күш саналатын «Nur Otan» партиясының мүмкіндіктері жетерлік. Бес жылға дайындалған «Өзгерістер жолы: әр азаматқа лайықты өмір!»

Әбілмансұр ЖАСАН

# 278 БАЛА ҚЫСҚЫ КИІМ АЛДЫ



Елордада «Балаларды қысқа киіндірейік!» қайырымдылық акциясы өтті. Іс-шараны Biz Birgemiz Qazaqstan қоғамдық қоры, оның еріктілері мен «Jas Otan» Жастар қанатының белсенділері ұйымдастырды. Бас Демеуші «Ғабит Сәтмағамбетовтың қайырымдылық қоры» жеке қоры болды.



«Бүгін біз Biz Birgemiz Qazaqstan-мен бірлесіп кезекті қайырымдылық іс-шараны өткізіп жатырмыз. Бұған дейін қайырымдылық кеші, жаңажылдық ертенгілік және басқа да көптеген акция өткізілді. Ал қазір балаларға қысқы жылы киімдерді: күртеше, худи, аяқкиім және тағы да басқа киімдерді табыстаймыз. Әрбір бала өзiне қажеттi киiмдi алғанын атап өткiм келедi», — дейдi Айнұр Оспанқызы.

Biz Birgemiz Qazaqstan төрағасы Қайрат Перизаттың айтуынша, аталған акция Президенттің бастамасын қолдау мақсатында өткізіліп отыр.

«Мемлекет басшысы өзінің жанажылдық үндеуінде 2022 жылды Балалар жылы деп жариялауды ұсынып, «өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалық шағы — біздің жалпұялтық мiндетiмiз» деп атап өттi. Biz Birgemiz Qazaqstan бiрiншi кезектегi мiндетi — ерекше балаларды және көпбалалы, аз қамтылған отбасылардың балаларын әлеуметтiк қолдау. Өткізілетін іс-шаралар мен акциялардың көпшілігі осыған бағытталған. Бүгінгі акция да соның дәлелі», — дейді ол.

Өткізілген акция аясында 100 ерекше балаға — «Батыр» ҚБ тәрбиеленушілеріне қыс мезгіліне жылы киімдер берілді. «Ғабит Сәтмағамбетов» жеке қорының директоры Айнұр Оспанқызы атап өткендей, киімдер баланың жеке суранысына сәйкес сатып алынды.

«Бүгін біз Biz Birgemiz Qazaqstan-мен бірлесіп кезекті қайырымдылық іс-шараны өткізіп жатырмыз. Бұған дейін қайырымдылық кеші, жаңажылдық ертенгілік және басқа да көптеген акция өткізілді. Ал қазір балаларға қысқы жылы киімдерді: күртеше, худи, аяқкиім және тағы да басқа киімдерді табыстаймыз. Әрбір бала өзiне қажеттi киiмдi алғанын атап өткiм келедi», — дейдi Айнұр Оспанқызы.

Айта кету керек, акция қорығандысы бойынша 278 бірлік қысқы киім таратылды, атап айтқанда елордада — 100, Ақмола облысында — 100 және Алматы қаласында — 78. Алматыда киім елдегі соңғы оқиғалар тезінде зардап шеккен аз қамтылған отбасылардың балаларына берілді.

А.ЖАСАНҰЛЫ

# ЖЫЛУ ЖИНАҒАН ҚОР

(Басы 1-бетте)

## Жадыра МҮСІЛІМ

Бұдан бөлек, қор құрылтайшысы болып 4 қоғамдық ұйым таңдалған. Олар осыған дейін де мемлекеттік органдармен бірлесіп, денсаулық сақтау, білім және әлеуметтік салада қайырымдылық шарасымен тұрақты айналысып келеді. Қоғамдық ұйымдар Үкіметтің ұсынысымен таңдалыпты. Оның айтуынша, кез келген қоғамдық ұйым қор қатысушысы бола алады. Басты талап — қайырымдылық саласында тәжірибенің болуы.

Сондай-ақ ол қор мемлекет қызметін қайталамауы керек деп отыр. «Біз бюджет орнын алмастыратын ұйымдары арқылы қажет. Әлеуметтік салаға және басқа да мақсаттарға арналған барлық бюджет шығынын толық көлемде бөлінуге тиіс. Біз қандай да бір жеке бастамаларды алмастырмаймыз. Қайырымдылық қорлары арқылы орынды қаржыландырылатын бағдарды табу керек болады», — дейді Болат Жәмішев. Оның сөзіне қарағанда, қор елімізде қызмет атқарып жүрген қайырымдылық ұйымдары арқылы жұмыс істейді. Ал азаматтар көмек алу үшін өтініш берушілерден тиісті құжаттарды жинап, тексеретін қайырымдылық ұйымдарына жүгінуі керек. Қазір 140 қайырымдылық ұйымы өтініштерді қабылдайтын, деректерді қайталауына, жоғалуына, тиісті жауап ұсынбастан негізсіз бас тартуға жол бермейтін электронды портал арқылы халықпен өзара әрекеттеседі. Осындай жүйе арқылы қоғамдық қор жұмысы да жариялы түрде жүзеге асуы қажет. Қор басшысы қазір қордың жұмысын ұйымдастыру бойынша әлі де жұмыстар істеліп жатқанын жеткізе келіп, қайырымдылық жасаушылар мен электронды түрде көмекке жүгінгендермен өзара байланыс орнататынын айтты. Бұл үшін арнайы сайт та іске қосылмақ.

Ал қорды қаржыландыру жеке көздерден, халықаралық қайырымдылық ұйымдарынан қаражатынан, лотерея қызметі операторының, мөлшерлемені есепке алу орталығының және басқа да монополистердің міндетті аударымдарынан, ірі бизнес таралымынан тұрақты аударымдарынан, қайы-

**«ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА» ҚОРЫНА ҚАРАЖАТ АУДАРҒАНДАР**

Kaspi Bank АҚ — 7 МЛРД ТЕҢҒЕ
«Kaspi Магазин» ЖШС — 3 МЛРД ТЕҢҒЕ
Halyk Bank («Қазақстан Халық жинақ банкі» АҚ) — 3 МЛРД ТЕҢҒЕ
«Халық» қайырымдылық қоры» ЖҚ — 2 МЛРД ТЕҢҒЕ
YDD Corporation ЖШС, Asia FerroAlloys ЖШС және олардың акционерлері — 1 МЛРД ТЕҢҒЕ
«Нұрсұлтан Назарбаев қоры» ЖҚ — 500 МЛН ТЕҢҒЕ
LANCASTER GROUP KAZAKHSTAN АҚ — 500 МЛН ТЕҢҒЕ
«Қазақ мұнай және газ институты» АҚ — 500 МЛН ТЕҢҒЕ
Данияр Әбілғазин — 500 МЛН ТЕҢҒЕ
BAZIS CONSTRUCTION ЖШС — 400 МЛН ТЕҢҒЕ
«Степногорск тау-кен химиялық комбинаты» ЖШС — 350 МЛН ТЕҢҒЕ
Алмас Сұлтанғазин — 200 МЛН ТЕҢҒЕ
«Қаратас Майнинг» ЖШС — 100 МЛН ТЕҢҒЕ

рымдылыққа, оның ішінде квазимемлекеттік секторға арналған қаражаттан жүзеге асырылатын болады.

### ҚОРҒА ҚАНША ҚАРЖЫ АУДАРҒАЛДЫ?

Соңғы мәлімет бойынша, қоғамдық қорға 16 167 казакстандықтан 29.3 млрд теңге түсті. Оның ішінде 75 заңды тұлғадан және ірі кәсіпкерлерден 19.2 млрд теңге аударылған. Бұдан бөлек қаражатты қарапайым казакстандықтар да аударған.

Кеше Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Қайрат Миятов қорға аударым жасаған бизнес субъектілеріне жеңілдік берілетінін айтты. Ал қордың қаражатынан көмек алғандардың табысы қайтарымыз алынған мүлік ретінде қаралады.

### ҚАМҚОРШЫЛЫҚ КЕҢЕСІН ҚАЙТА ҚАРАУ КЕРЕК

Қорға құйылып жатқан осы қаражаттың тиімді жұмсалуды бақылауы тиіс «Қазақстан

халқына» қорының Камқоршылық кеңес құрамына белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері, азаматтық қоғам өкілдері, меценаттар мен еліміздің беделді оннан аса адамы кірген болатын. Олардың міндетіне қордың негізгі қызметі мен міндеттерін анықтау, бюджетті бекіту, басқа да бақылау және ұйымдастырушылық қызметтерді жүзеге асыру кіреді.

Алайда қоғам арасында кеңес мүшелігіне кіргендерге қатысты сан алуан пікір айтылған болатын.

Экономист Айдар Әлібаевтың айтуынша, қор жұмысын бақылау қалай болатыны туралы айқын жүйе жоқ. Ал қордың Камқоршылық кеңесіне кіргендерге қоғам сенімсіздік танытып жатыр. «Мүшелікке кіргендерге адамдардың сенетіндей себебі жоқ. Мысалы, Аружан Саин, бұрынғы Ішкі істер министріне халық қалай сенеді? Тіпті, қоғам осы уақытқа дейін қаржы жүйесін талай жыл басқарып, немен айналысқаны түсініксіз адамның басшылыққа келуіне күмәнмен қарайды. Қорға түсетін қаржыны кім бақылауында ұстайды? Халық өзі сайламаған адамдарға сенімсіздікпен қарауының өзі қордың қаншалықты бақылауда ұсталатынын байқатады», — дейді Айдар Әлібаев.

Әйткенмен қор басшысы кеңес мүшелеріне қатысты сауалға жауап беріп: «Оларды кім сайлады, неге халық талқысына салмады деген секілді әңгімелер бар. Қор Мемлекет басшысының бастамасымен құрылды. Әрине, қорға қаржы аударған қоғамдық ұйым немесе жеке тұлға оның қайда жұмсалып жатқанын білуге құқылы. Жиналған қаражаттың тиімді жұмсалудына қатысты Үкіметке де әлеуметтік жауапкершілік жүгі артылады. Сондықтан кеңес мүшелерін Үкімет бекітіп, бізге ұсынды. Өз басыма келсем, қор төрағасы ретінде камқоршылық кеңес құрамында мен де бармын. Маған қор жұмысын ұйымдастыру, жүргізу міндеті жүткелген», — дейді Болат Жәмішев.

Қор басшысы Болат Жәмішев қор қаржысын бақылау ашық болатынын да айтады. Оның сөзінше «Қазақстан халқына» қорының сайтында жиналған және жұмсалған қаржыға қатысты деректер ашық көрсетіледі. Ал қорға түскен қаржы 7 отандық банкте болады. Яғни, қайырымдылық жа-

Елар ҚАБА (информация)









